

Кепілхат

Кепілхат – белгілі бір құндылықтардың (мүлік, зат, ақша т.б) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп көрсетіп, келісімшарттың негізінде жасалатын ісқағазының бір түрі.

Кепілхат

Алматы қаласы,

2016 жыл 10 қазан

Мен, Алматы қаласы, Гагарин көшесі, 27 үй, 92 пәтердің тұрғыны, 12.05.2007 жылы ҚР ӨМ-гі берген №02541361 жеке куәліктің иегері азаматша Кудешова Роза Ноғайқызы, Алматы қаласы, Жароков көшесі, 124 үй, 32 пәтердің тұрғыны, 04.06.2005 жылы ҚР Әділет министрлігі берген № 084512789 жеке куәліктің иегері азаматша Кундерова Томирис Арсланқызынан сегіз жүз елу мың (850 000) теңге алдым. Алынған ақшаны 2016 жылы 10 желтоқсанда қайтаруға міндеттенемін.

Өз міндеттерімді орындауға:

- келісімшартқа сәйкес пайызын төлеп тұруға;
- алынған ақшаны келісілген мерзімде қайтаруға;
- келісімшарт талабы орындалмаған жағдайда алып төлеуге;
- мекенжайым өзгерген жағдайда бұл туралы 3 күн ішінде хабарлауға

кепілдік берем.

Кепілхат үш дана етіп жасалған, бірінші данасы – Алматы қаласы №32 нотариалдық кеңседе тіркелген, екінші данасы – азаматша Кудешова Роза Ноғайқызында, үшінші данасы – азаматша Кундерова Томирис Арсланқызында сақталады.

Тараптардың қолы:

Ә.Оразова
М.Тайлақова

Мен, ҚР ӨМ-гі 11.03.2001 жылы №01214542 лицензиясын берген, Алматы қаласы, №32 нотариалдық кеңсенің нотариусы Досаева Нұргүл Ақанқызы, 10 қазан 2016 жылы жоғарыда жазылған кепілхат мазмұнын куәландырамын.

Кепілхатқа менің қатысуымда азаматша Кудешова Роза Ноғайқызы мен азаматша Кундерова Томирис Арсланқызы қол қойды.

Кепілхат иесінің жеке басы анықталды, құқықтық іс – әрекетке қабілеттілігі тексерілді.

№2457тізбесіне тіркелген. 2100 (екі мың бір жүз) теңге мемлекеттік салық алынды.

Нотариус Н.А. Досаева